

**3-ШІ САБАҚ
БАЛАНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОЙЫНДАРҒА
ЖӘНЕ КҮНДЕЛІКТІ ҮЙ
ЖҰМЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫНА
ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУ КЕРЕК?**

Маман нұсқаулығы 3

*Баланы
дамытуды
үйренеміз*

ДДСҰ “Caregiver
Training Skills”
(балаларға күтім
көрсетуді үйрету)
бағдарламасын
Қазақстан
Республикасы
үшін бейімдеу
аясында ҚР
ЕХӘҚМ ӘОД ҒПО,
ҚР ДСМ РПДҒПО
және ЮНИСЕФ
бірлесіп әзірлеген

3-САБАҚ

БАЛАНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОЙЫНДАРҒА ЖӘНЕ КҮНДЕЛІКТІ ҮЙ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫНА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУ КЕРЕК?

Қажетті материалдар мен жабдықтарды дайындаңыз

1	Маман нұсқаулығы 3;	Әр маманға 1-ден;
2	Ата-аналарға арналған буклет. 3-ші сабақ;	Әр ата-анаға 1-ден;
3	Ата-аналарға арналған жадынама;	Әр ата-анаға 1-ден;
4	Ата-аналардың жұмыс дәптері;	Әр ата-анаға 1-ден;
5	Демонстрацияға арналған материалдар: 1) шыныаяқ; 2) бір-біріне қоюға болатын әртүрлі заттар немесе ойыншықтар (кубиктер, блоктар, кішкене картон қораптар, пластикалық ыдыстар, пластикалық шыныаяқтар және т.б.); 3) көрпе, төсеніш немесе жайма;	12 2 1
6	Жұптық жаттығуларға арналған материалдар: 1) бір-біріне қоюға болатын әртүрлі заттар немесе ойыншықтар (кубиктер, блоктар, кішкене картон қораптар және т.б.); 2) әртүрлі деңгейдегі ойынға арналған ойыншықтар; 3) кітаптар;	Ата-аналардың үй практикасында қолдануына қажет заттар, ойыншықтар, кітаптар;
7	Флипчарт, флипчартқа арналған қағаз, қағазға арналған фломастер; бор тақтасы және бор немесе маркер тақтасы; тақтаға арналған маркер;	Егер флипчарт қолданылса – 5-10 парақ қағаз қажет;
8	Сабақ кезінде уақытты бақылап отыру үшін сағат немесе таймер;	1

1

№3 САБАҚТЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ

Сабақтың соңында ата-аналар істеуі тиіс:

I. Алдыңғы сабақтан алған білімін және дағдыларын БЕКІТУ:


- 1) Күнделікті сабақ үшін кеңістікті дұрыс дайындау, баланың алдында дұрыс орналасу және баланы қатыстыру үшін таңдауына мүмкіндік беру;
- 2) Бірлескен іс-әрекетке баланың қатысуын қолдау: баланы не қызықтыратынын қарау және тыңдау, қашан мақтау қажетін білу үшін бақылау;

II. Негізгі хабарламаны ТҮСІНУ:

- 1) Ойын баланың үйренуіне және адамдармен қарым-қатынас орнатуына көмектеседі;
- 2) Бірлескен ойындар мен үй жұмысының үйреншікті тәртібін қалыптастыру және қолайлы уақытты таңдау маңызды;
- 3) Баланың қызығушылығын байқау және ойын кезінде оған еліктеу маңызды;
- 4) Іс-әрекеттерді кезектесіп орындай отырып, ойынға қосылу маңызды;
- 5) Жаңа қадамдар қосу немесе бірлескен әрекеттер тәртібін өзгерту маңызды;

III. ДАҒДЫЛАРДЫ МЕНҒЕРУ:

- 1) ЕЛІКТЕУ және ҚАЙТАЛАУ (копировать) – яғни ойынға және күнделікті іс-әрекетке қосылу үшін баланың әрекеттеріне **еліктеу**;
- 2) КӨРСЕТУ және АЙТУ – яғни ойынның үйреншікті тәртібіне және күнделікті іс-әрекеттерге жаңа қадамдар қосу үшін әрекеттердің орындалуын модельдеу;
- 3) ҚАЙТА БАСТАУ – яғни ойынға және күнделікті іс-әрекеттерге бірге қатысу уақытын ұзарту үшін әрекеттерді басынан **қайталау**;



2

САБАҚ КЕСТЕСІ

	УАҚЫТ	МАЗМҰНЫ	БЕТ
1	5 минут	<u>Босансу үшін қысқаша жаттығу;</u>	3
2	20 минут	<u>Екінші сабақтың негізгі хабарламалары және ұсыныстарына шолу. Үй практикасына шолу. 3-сабаққа кіріспе;</u>	3
3	10 минут	<u>Самираның оқиғасы: Балаңыздың қалай ойнайтынына көңіл аударыңыз және ойынды күнделікті үйреншікті әдетке (рутинаға) айналдырыңыз;</u>	7
4	30 минут	<u>Күнделікті үй жұмысы және ойын кезінде өзіңіздің күнделікті үйреншікті әдетіңізді (рутинаңызды) жасаңыз;</u>	13
	15 минут	ҮЗІЛІС	
5	20 минут	<u>Демонстрация: Жанмен ойын көрсету. Баланың ойынға қатысуына көмектесеміз;</u>	25
6	25 минут	<u>Жаттығу: Үй практикасын жоспарлаймыз. Ойын және үй жұмыстары. Жұптық жұмыс;</u>	31
7	10 минут	<u>Қорытынды топтық талқылау: сабаққа және сабақтан алған дағдыларға шолу;</u>	33
УАҚЫТ = 65 минут үзілістен бұрын және 55 минут үзілістен кейін.			

1. БОСАҢСУҒА АРНАЛҒАН ҚЫСҚА ЖАТТЫҒУ (5 минут)
(қараңыз: Маман нұсқаулығы, жалпы мәселелер, 5-бет)

**2. ЕКІНШІ САБАҚТЫҢ НЕГІЗГІ ХАБАРЛАМАЛАРЫНА ЖӘНЕ
ҰСЫНЫМДАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ.
ҮЙ ПРАКТИКАСЫНА ШОЛУ ЖАСАУ. 3-САБАҚҚА КІРІСПЕ**
(20 минут)

Алдыңғы сабақтардағы негізгі хабарламалар және ұсынымдарға шолу

НЕГІЗГІ ХАБАРЛАМАЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР:

**БАРЛЫҚ БАЛАЛАР ЖАҢА
ДАҒДЫЛАРДЫ МЕНГЕРЕ
АЛАДЫ**

**БАЛАҒЫЗДЫ КҮНДЕЛІКТІ
ІСТЕРГЕ ЖӘНЕ ОЙЫНДАРҒА
ҚАТЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОҒАН
ДАМУҒА КӨМЕКТЕСЕ АЛАСЫЗ**

**БІРЛЕСКЕН ІСКЕ ҚЫЗЫҒА
ҚАТЫСҚАНДА БАЛАЛАР ҮШІН
ҮЙРЕНУГЕ КӨБІРЕК
МҮМКІНДІКТЕР ТУАДЫ: СІЗДІ
ЖӘНЕ ӘРЕКЕТТЕРДІ
БАЙҚАЙДЫ**

**БАЛАЛАР КӨҢІЛДІ, ҰНАМДЫ
ЖӘНЕ МАҚТАУҒА ТОЛЫ
ІСТЕРДЕ ЖАҚСЫРАҚ ҮЙРЕНЕДІ**

3

ҰСЫНЫСТАР:

Кеңістікті дұрыс ұйымдастырыңыз: алаңдататын факторларды алып тастаңыз және сіздерге ешкім кедергі келтірмейтін жерді таңдаңыз	Балаға ұнайтын (оны ынталандыратын) 2-3 түрлі күнделікті әрекеттер арасында таңдау жасауды ұсыныңыз және таңдауын орындаңыз	Балаға қарама-қарсы тұрыңыз, оның көз алдына түсіңіз, барлық заттарды өзіңіз бен баланың арасында орналастырыңыз	Баланы не ынталандыратынын және не қызықтырғанын байқау үшін ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ	ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ – бала өзін жақсы ұстаған сәтті байқап, оны мақтаңыз
---	--	---	---	---

Үй практикасына шолу

- Ата-аналарға үй практикасын орындау тәжірибесімен, соның ішінде сәтті және сәтсіз тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік беріңіз. Бұл ата-аналарға бір-бірін көбірек білуге және қолдауға, сондай-ақ сіздің қолдауыңызды сезінуге мүмкіндік береді. Ата-аналардың бір-бірін қолдауын ынталандырыңыз.
- Барлығына ойындағысын айтуға мүмкіндік беріңіз (ешкімнің ұзақ сөйлеуіне жол бермеңіз)
- Түсінгенін тексеру үшін ата-аналардың негізгі ойларын қайталаңыз және дұрыс әрекеттерді мақтаңыз.
- Ата-аналардың жауаптарын флипчартта немесе тақтада **ЖАЗЫҢЫЗ**.

<p>Алдыңғы сабақтың үй практикасының жоспарына шолу жасаңыз (Жұмыс дәптерінің 5-беті) және айтыңыз:</p>	<p><i>Өткен сабақта біз жоспарладық:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Өз балаңызбен айналысатын немесе оны қатыстыратын 2 күнделікті сабақты таңдауды;</i> • <i>Сіздің күнде немесе күнделікті дерлік істеп жүрген әрекеттерді таңдауға тырысуды;</i> • <i>Сіз балаңызбен бірге қандай да бір жұмыстың түрімен айналысқан сайын 5 минут балаңызбен бірге өткізуді;</i> • <i>Сіз оқып үйренген ұсыныстарды практикада қолдануды (жоғарыдағы кестеде көрсетілген);</i>
<p>?</p>	<p><i>Біреуіңіз үй тәжірибесі қалай өткенімен бөліскіңіз келе ме:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Сіз қандай әрекеттерді жасап көрдіңіз?</i> • <i>Не жақсы болды? Неліктен?</i> • <i>Сізге не қиын болды? Сіздің қалауыңыз бойынша не дұрыс болмады? Неліктен?</i>
<p>Әңгіме барысында анықтап алыңыз:</p>	<p><i>Бала не істеді? Сіз не істедіңіз? Кейін не болды? Ол кезде сіз қайда болдыңыз? Қасыңызда басқа біреу болды ма?</i></p>

4

Үйге бару туралы Нұсқаулықтан келесі кестені пайдалана аласыз («Қиындықтарды іздестіру және жою бойынша кеңестер» бөлімі)

Жағдай	Жою бойынша кеңестер
<p>Әрекет тым оңай болды. Баланы қызықтырмады /жалықтырды.</p>	<p>Ойынға қосымша қадамдар немесе іс-әрекет қосып көріңіз немесе басқа әрекетті таңдаңыз;</p>
<p>Әрекет тым қиын болды. Баланың көңілі қалды.</p>	<p>Қадамдарды алып тастап көріңіз; балаңыздан тек бірінші немесе соңғы қадамды жасауын өтініңіз немесе басқа әрекетті таңдаңыз;</p>
<p>Мен оған жақындаған кезде бала кетіп қалды.</p>	<p>Әрекет ету:</p> <ul style="list-style-type: none"> • оның деңгейіне дейін түсу; • оның затты немесе іс-әрекетті таңдауын ұстану; • бірнәрсе істеуін өтінбей-ақ, оның істеп жатқанын бұлжытпай қайталау арқылы қосылу; <p><i>Біз бүгін бұл туралы толығырақ айтатын боламыз.</i></p>
<p>Бала қызығушылығын тез жоғалтты.</p>	<p>Баланың қызығушылығын қалай ұзақ қолдауға болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ойынның немесе іс-әрекеттің үйреншікті тәртібі балаға мотивация беретінін тексеріңіз; • баланы көбірек мақтап көріңіз;

	<ul style="list-style-type: none"> • бұл міндет емес, көңілді, қуанышты, ойын-күлкі болсын; • қадамдарды тезірек жасаңыз; • баланы ұзағырақ белсенді жағдайда ұстап отыру үшін мақтаңыз (төмендегі бөлімді қараңыз). Есте сақтаңыз! Оның тек дұрыс дағдысын және дұрыс мінез-құлқын мақтаңыз; <p>Маманға ескерту: мақтауды абайлап, тек дұрыс дағдылары және дұрыс мінез-құлық үшін қолдану маңызды.</p>
Айналасында басқа балалар/ теледидар қосулы/ басқа да алаңдататын факторлар болды.	Алаңдататын факторларды алып тастап, қолайлы ортаны ұйымдастырып көріңіз (1-ші сабақтың ұсыныстарын қараңыз);
Бала бір әрекеттен екіншісіне секірді.	Іс-әрекеттер немесе заттардың азырақ түрін ұсынуға тырысыңыз, тек екі нұсқаны қолданып көріңіз (2-сабақтың ұсыныстарын қараңыз); Ерсілі-қарсылы жүруіне орын аз болуы үшін, ойын кеңістігін кішірейтіңіз; Баланы орындыққа отырғызыңыз немесе кілемшемен, қағазбен немесе жапсырғышпен арнайы орынды белгілеңіз; Баланың орны қай жерде екенін түсінуіне көмектесіңіз;
Бала ұсынылған әрекеттен бас тартып, басқасын таңдады.	Бәрі жақсы! Балаңыздың таңдауын ұстанған маңызды. Сіз басқа әрекетті кейінірек қосып көруіңізге болады;
Бала жағымсыз мінез-құлықты көрсетті: айқайлады/ тепкіледі және т.б.	Балаңызбен қарым-қатынас жасау үшін қолайлы уақытты табу өте маңызды. Мұны балаңыздың шаршамаған, аш болмаған және басқа да себептер болмағанын білген кезде, басқа уақытта жасауға тырысыңыз; Маманға ескертпе: егер уақыт болса, топпен осы мінез-құлықтың мүмкін себептерін және 6, 7 сабақтардағы сәйкес келетін ұсыныстарды талқылаңыз. Егер уақыт болмаса, үзіліс кезінде немесе сабақтан кейін отбасымен кездесіңіз;
Бала мұны бірнеше минут жасады, содан кейін кетіп қалды.	Балаға талаптардан «демалыс» беру – бұл дұрыс. Баланың күнделікті іс-әрекетке қатысуын жалғастыра беріңіз, сонда ол біртіндеп бірлескен іс-әрекеттерге көбірек уақыт қатысатын болады;

Айтыңыз:	<p><i>Естеріңізге салайын, бұл:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Әрекетті өзгерту – бұл қалыпты! Өйткені, бұл – баланы қызықтыратын және балаға мотивация беретін және сіз күн сайын орындайтын баланың дамуы үшін ең жақсы әрекет;</i> • <i>Қызығушылықтар өзгеруі мүмкін, баланың қызығушылығын байқап және оның таңдауын ұстанып басқа әрекетке ауысу – бұл да қалыпты жағдай;</i> • <i>Кейбір іс-әрекеттер сіз және сіздің отбасыңыз үшін маңызды, бірақ балаңызға мотивация бермеуі мүмкін;</i> • <i>Бұл жағдайда, біз оны әрекетке ынталандыру үшін, мақтау арқылы балаға көмектесе аламыз;</i>
-----------------	--

Қосымша ақпарат (қажеттілік болғанда)

Қандай әрекеттерді таңдау керек:

- Күнделікті іс-әрекеттің алуан түрлері бар:
 - Сіздің балаңыздың **қызығушылығын арттыратын, оған мотивация беретін**, балаңызға ұнайтын әрекеттер;
 - **Сіз немесе отбасыңыз үшін маңызды**, мысалы, киім кию немесе тамақтану уақыты сияқты, бірақ балаға қызық емес әрекеттер;
- Екеуін де қолданып, байқап көрген – бұл қалыпты. Сіз оларды әртүрлі тәсілдермен біріктіре аласыз:
 - балаңыз шаршаған, аш болған болса немесе сіз және балаңыз үшін қиын күн болған жағдайда тек мотивация беретін әрекет жасау;
 - мотивация беретін әрекеттен бастау, баланы қызықтырып алу үшін, содан кейін азырақ мотивация беретін әрекетке ауысу;
 - балаңызға сый беру үшін, алдымен қысқа, бала үшін онша қызық емес әрекеттен бастап, кейін бірден мотивация беретін әрекетке ауысу;

Баланы қалай мақтауға болады?

- Әдетте сіз оған **«жақсы орындадың» деп айтуыңыз мүмкін**. Бұл көптеген балаларға жеткілікті. Сіз мақтай аласыз:
 - Күлімсіреп, қол шапалақтап, «Жарайсың!», «Ақылды қыз!» «Жақсы отырсың» деп айту;
 - Құшақтап, еркелетіп сүйю;
 - Ақырындап әзіл қытықтап немесе балаға ұнайтын басқа әдеттегі әрекеттерді жасау (тербету, «ку-ку» жасырынып ойнау т.б);
- Кейде сіз балаңызға жақсы істегені немесе бірдеңе жасауға тырысқаны үшін **кішігірім «сыйлық» сыйлай аласыз**. Мұндай мақтау сіз үшін және отбасыңыз үшін маңызды іс-әрекеттерге сәйкес келеді, бірақ балаға айтарлықтай мотивация бере алмайды. Сыйлық болуы мүмкін:
 - сүйікті зат немесе ойыншық;
 - сүйікті тағамның бөлігі;
- Балаға күлімсіреп қарауды және мақтауды ұмытпаңыз!

6

Дәретхананы пайдалануды үйрету бұл бағдарламада **қамтылмағанына** көңіл аударыңыз, өйткені ол осы бағдарламада қарастырылғаннан гөрі егжей-тегжейлі жеке тәсілді және көп уақытты қажет етеді. Алайда, егер отбасы осы мәселені шешкісі келсе, егжей-тегжейлі қосымша ақпарат алу үшін бақылаушыға (супервизорға) хабарласуға болады.

3-сабаққа кіріспе

Айтыңыз:

Біз үшінші сабаққа көшеміз. Ата-аналарға арналған буклеттің 3-бетін ашыңыз.

Бүгін біз мыналарға зейін қоямыз:

- *Сіз күнделікті жасай алатын, бірлескен ойындардың және үй жұмысының балаға үйреншікті тәртібін қалай қалыптастыруды;*
- *Біз сіздің балаңызбен байланыс орнатуға және оны бірлескен іс-әрекеттерге қатыстыруға қалай көмектесуді білетін боламыз. Бірлескен іс-әрекет – бұл балаңыздың сізді және сіздердің ортақ іс-әрекеттеріңізді бір мезгілде байқауы;*

Өтініш, ата-аналарға арналған буклеттің 4-бетін ашыңыз.

Самираның оқиғасында, біз бірлескен іс-әрекеттерге мүмкіндіктер жасау үшін ойынды және күнделікті үй жұмыстарын қалай пайдалануға болатындығын көреміз.

Сондай-ақ, ойындар мен үй жұмыстарында қандай заттар мен қандай әрекеттер қолданылғанына құлақ асыңыз. Бұл туралы кейінірек айтатын боламыз.

7

3. САМИРАНЫҢ ОҚИҒАСЫ: БАЛАҢЫЗДЫҢ ҚАЛАЙ ОЙНАЙТЫНЫНА КӨҢІЛ АУДАРЫҢЫЗ ЖӘНЕ ОЙЫНДЫ КҮНДЕЛІКТІ ҮЙРЕНШІКТІ ӘДЕТКЕ АЙНАЛДЫРЫҢЫЗ (10 минут)

Ата-аналар суреттерге қарайды:

Сіз оқыңыз:



Менің атым Самира, мен күйеуіммен және отбасыммен кішкентай ауылда тұрамын. Біздің үйімізде баламыз бар: Аида, Давид және Эмиль. Менің кіші ұлым Эмиль – ерекше бала. Қазір ол бес жаста, бірақ көп жағынан ол өз жасына сәйкес емес, кішкентай көрінеді.



Менің үлкен балаларым онымен жиі ойнауға тырысады және Эмиль олармен ойнамаса, ренжиді. Кейде олар оны байқамайды және мен Эмиль үшін қынжыламын. Менің үлкен қызым мен ұлым ойыншықтарымен үнемі қызықты ойындар ойлап табады, ал Эмиль әртүрлі үй заттарын қатарға ұзақ уақыт тізбектеп орналастырады және сол ісіне ол өте риза болып көрінеді.



Мен, уақыт өте келе, бірге ойнау – Эмильдің менімен қарым-қатынас жасай алатын маңызды әдісі екенін білдім.

Бірақ мен алғашқыда онымен қалай ойнайтынымды білмедім, өйткені мен алдақашан бала емеспін. Мен өзімді кішкентаймын деп көрсетуге тырысқанымды Эмиль түсінбеді. Мен өзімді әжептәуір ақымақ сезіндім және не істерімді білмедім.

Содан кейін мен **шынымен бірге ойнауды** үйрендім.



Эмиль құрылыс салуды жақсы көреді. Енді мен **ОНЫ НЕ ҚЫЗЫҚТЫРАТЫНЫН БАЙҚАУ ҮШІН ҚАРАУ ЖӘНЕ ТЫҢДАУ** – ең жақсы әдіс екенін білемін.



Содан кейін мен оның ойыншықтармен не істейтініне **ЕЛІКТЕЙ** аламын немесе оған сол ойыншықпен ойнаудың **ЖАҢА ӘДІСІН** көрсете аламын. Уақыт өте келе мен Эмильді ойынға қатыстыруды және бірлесіп ойнау уақытын көңілді өткізуді үйрендім.



Мен ойында қолданатын барлық нәрсені күнделікті тұрмыста да қолдана алатынымды түсіндім. Біз Эмильмен бірге үйде бірнәрсе жасаған кезде мен оған құлақ асамын, оның іс-әрекеттеріне қараймын және еліктеймін. Бізде бірлесіп жұмыс орындаудың белгілі бір тәртібі қалыптасты.

Мысалы, біз ыдыс жуғанда Эмиль әрдайым бірінші бастайды. Ал мен оның іс-әрекеттеріне еліктеймін және сонымен бірге «Жуамыз!» деймін.



Базардан үйге келгенімізде Эмиль сөмкеден заттарды алуға көмектескенді ұнатады. Ол сөмкеден азық-түліктерді шығарады, мен оның іс-әрекетіне **ЕЛІКТЕЙМІН**. Мен оны қалай шығарғанымды **КӨРСЕТЕМІН** және: «шығарамын» деп **АЙТАМЫН**, содан кейін нанды көрсетемін және «нан» деп айтамын. Мен осылай істеймін, себебі Эмильдің осы сөздерді өз бетінше айтып үйренгенін қалаймын. Біз бәрін сөмкеден алып болғанға дейін азық-түлікті бір-бірлеп шығаруды жалғастырамыз.

Сөмкеден заттарды алу біздің күнделікті үйренішті әдетке айналды. Бұл екеуімізге де рахат сыйлайды.



Кейде Эмиль бір нәрсеге қарап немесе заттарды еденде қатарға тізіп қойып, сол ойынға «қатып» қалатын тәрізді.



Мұндай жағдай орын алғанда, мен оған мұнараны тұрғызу үшін заттарды басқаша қалай орналастыру қажетін көрсетемін. Ол мен көрсеткендей етіп, бірнеше рет жасай бастайды.



Бірақ кейде мен жаңа ойын әдісін көрсеткім келгенде, ол мені итеріп жібереді, кенеттен мазасызданады.



Сонда мен оның шаршағанын немесе тоқтатқысы келетінін білемін. Сондықтан, біз біраз уақыт үзіліс жасаймыз немесе басқа нәрсе жасауға тырысамыз. Мен ойынның қызықты болуы және оған қуаныш әкелуі өте маңызды екенін білемін.

ТАЛҚЫЛАУ



?	Эмиль мен оның анасының қандай бірлескен іс-әрекеттерін байқадыңыз?	<ul style="list-style-type: none"> - Кубиктерді қалау; - Ыдыс жуу; - Азық-түлікті сөмкеден шығару;
Айтыңыз:	<p>Көргеніңіздей, осы күнделікті іс-әрекеттерде Самира мен оның баласы қызықты бірнеше кішкентай қадамдар жасады. Олардың әрқайсысы өз әрекеттерін кезектесіп орындады. Біртіндеп ол бұл әрекеттерге жаңа нәрсе қосты. Самира күнделікті үй жұмыстарын орындауды КҮЙБЕҢГЕ айналдырды. Сонда ғана ол алғашқы нәтижелерге қол жеткізді.</p>	
Түсіндіріңіз:	<ul style="list-style-type: none"> • Бұл әрекеттер «күйбең тірлікке» айналады, өйткені: <ul style="list-style-type: none"> ○ Жалпы әрекетті құрайтын шағын, қарапайым қадамдар жиынтығынан тұрады; ○ Баланы әуестенуі және оған қызықты болу үшін оларды алдымен бірнеше рет қайталауға болады. Осылай қадамдарды жаттау оған оңайырақ; ○ Әрекет бірлесіп орындалады, оған бала да, ересек адам да қатысады. Олар серіктестер, олардың әрқайсысының өзінің белсенді рөлі бар; ○ Уақыт өте келе, балаға дағдыға айналған қадамдарға жаңа қадамдар қосуға болады, осылай балаға үйренуге оңайырақ болады; • Сіз күнделікті үй жұмыстарын немесе ойыншықтар мен ойындарды күнделікті дағды тәртіпке (рутинаға) айналдыра аласыз (тамақ ішу, қол жуу, үй тазалау және т.б.). Екеуі де маңызды; • Сіз бір іс-әрекеттен екіншісіне секіргенде, бұл күйбең емес; • Сіз тек сұрақтар қойсаңыз, балаға жол сілтесеңіз немесе баланы бақылаңыз – сіз белсенді рөл атқармайсыз, сондықтан күйбең емес; <ul style="list-style-type: none"> ○ Бүгін біз қайталау (копирование) және еліктеу туралы және жаңа қадамдар қосу үшін КӨРСЕТІҢІЗ және АЙТЫҢЫЗ принциптері туралы сөйлесеміз. Тек осылайша ғана сіз күйбеңнен белсенді рөл атқаратын боласыз; • Балалар күнделікті іс-әрекеттерінен үйренуі және қанағаттануы үшін күйбең тірлікке мұқтаж; 	
Сіздің сөздеріңіз бен әрекеттеріңіз		Ата-аналардың ықтимал жауаптары
?	Эмильдің анасының бірлескен іс-әрекеттері кезіндегі қызметінен не байқадыңыз? Ол бірлескен іс-әрекеттерге қалай қатысады?	<ul style="list-style-type: none"> – Ол күтіп тұрады. Бастапқыда ол Эмильдің әрекеттеріне ҚАРАЙДЫ, оның қалай ойнайтынын түсіну үшін оны ТЫҢДАЙДЫ; – Ол Эмильге оны не қызықтырғанын көрсетуі үшін мүмкіндік береді; – Эмиль үйреншікті әрекеттерді орындау кезінде (ыдыс жуу) ол оған бірінші болып бастауға мүмкіндік береді, ал өзі

		оның іс-әрекетіне еліктейді; <i>Еліктеу туралы біз бүгін айтамыз.</i> – Ол екеуінің бірге не істеп жатқандары туралы түсінік береді; <i>Біз баланың қызығушылығын қалай сақтап, оған жаңа сөздерді үйрету туралы қарым-қатынас сабағында толығырақ айтатын боламыз.</i>
?	Эмильдің анасы оған алғашқыда ұлымен ойнау қиын болғанын айтты. Сіз балаңызбен ойнайсыз ба?	
	<ul style="list-style-type: none"> • Егер ата-аналар олардың балаларын ойнату қиын десе, олардың тәжірибелеріне құлақ асыңыз; • Төменде дамуында бұзылулары және тежелуі бар балалардың ойнауы қиынға соғуына алып келетін біраз жалпы себептер келтірілген. Кейде дамуында проблемалары бар балалар: <ul style="list-style-type: none"> ○ басқа адамдармен ойнай алмауы мүмкін; ○ бұл ойыншықпен немесе басқа затпен қалай ойнауды білмеуі мүмкін; ○ ойыншықтармен үйрену үшін онша пайдалы емес нәрселер жасау, мысалы: заттарға ұзақ уақыт қарау, қатарға тізіп қою немесе оларды айналдыру сияқты; ○ бір нәрсені ұзақ уақыт бойы қайта-қайта қайталап, сол бір ойынға «қатып» қалу; 	
?	Сіз қалай ойлайсыз, бала үшін ойын неге маңызды?	
	<ul style="list-style-type: none"> ○ Егер ата-аналардың көпшілігі ойынның маңыздылығын түсініп алған болса, бұл мәселеге ұзақ уақыт тоқталмаңыз; ○ Егер мұндай түсінік әлі болмаса немесе ата-аналар үшін бұл жаңалық болса, онда тек балалар арасындағы ғана емес, сонымен қатар бала мен ата-ана арасындағы ойынның маңыздылығын егжей-тегжейлі талқылаңыз; ○ Ойын үшін қосымша уақыттың көп қажет емес екенін, оны күнделікті іс-әрекетке қосуға болатындығын атап көрсетіңіз; 	<ul style="list-style-type: none"> – Ойын – балалар мен олардың ата-аналары арасында қарым-қатынас орнатудың тиімді әдісі; – Ойын арқылы балалар қарым-қатынас және басқа дағдыларды үйренеді. Бұл сондай-ақ дамуында бұзылулары және тежелуі бар балаларға да қатысты; – Көңілді ойында, балалар әуестенгенде, қызығушылық болған кезде, үйренуге көп мүмкіндік пайда болады;
Түсіндіріңіз:	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Ойын белгілі бір ойнау уақытында болуы мүмкін, мысалы, сіз балаңызбен ойыншықтармен ойнағанда;</i> • <i>Ойынды күнделікті іс-әрекетке де қосуға болады;</i> • <i>Қымбат ойыншықтар қажет емес. Өткен сабақтың суреттерінде біз немересі шомылып жатқанда немересімен ойнаған әжені көрдік – ол ойынды бала шомылып болғанша шомылдыру тәртібіне енгізді;</i> • <i>Эмиль жөніндегі әңгімеде анасы ыдыс жуу, сөмкелерді босату сияқты үй жұмысын ойын-сауыққа айналдырды;</i> <p><i>Кәнеки, ата-аналарға арналған буклеттің 8-бетіндегі негізгі хабарламаны көрейік.</i></p>	

№1 негізгі хабарлама

БАЛАҒЫЗҒА ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ ҮЙРЕНУГЕ ЖӘНЕ ДАМУҒА КӨМЕКТЕСУ ҮШІН ОҒАН КҮНДЕЛІКТІ ҮЙ ШАРУАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЙЫНДАРДЫҢ ҚАДАМ-ҚАДАМДЫҚ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІН (ДАҒДЫЛЫ ТӘРТІБІН/КҮЙБЕҢ ТІРЛІК) ҰЙЫМДАСТЫРЫҢЫЗ

Күнделікті істердің және ойындардың қадам-қадамдық орындау тәртібі

ДАҒДЫЛЫ ТӘРТІП (Күйбең) деп аталады. Күйбең тірлікке келесілер тән:

- Ересек пен баланың бірлесіп орындауы, әрқайсысының өз белсенді рөлі бар;
- Дағдылы тәртіп нақты кішкентай (қарыс) қадамдар жиынтығынан тұрады, олардың әрқайсысының жалпы әрекетті құрауда өз мәні бар;
- Балаға қадамдарды қызыға жаттап алуға көмектесу үшін дағдылы тәртіп қайта-қайта басталады және бір әдіспен көп рет қайталанады;
- Балаңызға бірлескен қарым-қатынас жасауды уақыт өткізуге көмектесу үшін ойындар мен үй шаруасының дағдылы тәртібін ұйымдастырыңыз:
 - ✓ Сіз кәдімгі күнделікті істер мен ойындарды дағдылы тәртіпке айналдыра аласыз;
 - ✓ Дағдылы тәртіп балаға тәжірибе жинауға және жаңа дағдыларды үйренуге көмектеседі;



Түсіндіріңіз:

- **Күйбеңге 2-3 қадамнан тұратын қарапайым және қысқа болуы мүмкін, мысалы:**
 - кубиктерді қалау;
 - үстелден ыдыс-аяқты алып, ыдыс жуғышқа салу;
 - шыныаяққа су құйып, оны төгіп тастау;
 - сөмкеден заттарды алып тастау;
 - заттарды қорапқа салу;
 - үй жануарларының ыдысына тамақ салу;
 - орындықтарды шүберекпен сүрту;
 - допты шелекке тастау, қайтадан лақтыру үшін оны шелектен алу;
 - **Күйбең тірлік күрделі және ұзақ болуы мүмкін:**
 - құрғақ киімдерді алу, бүктеу және корзинаға жинау;
 - құмыраны сумен толтыру, содан кейін оны өсімдіктерді суғару үшін қолдану;
 - ыдысты жуу, содан кейін шаю, құрғату және жинап қою;
 - «Дайын, алға!» деп айту және машинаны төмен қарай сырғыту, содан кейін оны алып, қайта бастау;
- Ата-аналарға арналған буклет буклетінің 8-бетіндегі суретте күйбең тірлік көрсетілген:**
- Ересек адам құрғақ ұнтақ сусынды суға аздап салады, ал бала оны араластырады;
 - Ересек адам да, бала да өз рөлін атқарады;
 - Әрекет барлық ұнтақ сумен араласқанша қайталанады;

13

4. ТОПТЫҚ ТАЛҚЫЛАУ:

**КҮНДЕЛІКТІ ҮЙ ШАРУАСЫ МЕН ОЙЫНДАРДЫ
КҮЙБЕҢ ТІРЛІККЕ АЙНАЛДЫРЫҢЫЗ (30 минут)**



1-КЕСТЕ. КҮЙБЕҢ ТІРЛІКТІҢ АНЫҚТАМАСЫ ЖӘНЕ СИПАТТАМАСЫ

Күйбең тірлік деген – бұл:

1. Іс-әрекетті құрайтын нақты кішкентай (қарыс) қадамдар жиынтығы.

- Кішкентай (қарыс) қадам – бұл үлкен іс-әрекеттің бөлігі екенін үйрететін қадам.
- Біздің мақсатымыз – әрекет жасау үшін кішкентай (қарыс) қадамдарды байланыстыру.
- Барлық қадамдар бірге қосылғанда оның мән-мағынасы болады.

2. Сіз қайталауға, келесі жаттығу тәртібіне қосуға болатын кішкентай (қарыс) қадамдар.

- Келесі жолы жаттығу тәртібі дәл осындай болуы мүмкін - барлық балалар қайталау арқылы үйренеді.
- Уақыт өте келе сіз өзіңіздің күнделікті дағдылы тәртібіңізді (рутинаңызды) ұзағырақ және қиындау ету үшін жаңа қадамдар қоса аласыз.
- Балалар икемді болып өсуіне көмектесу үшін жаңа қадамдар қоса аласыз.

3. Бала үшін де, ересек адам үшін де айқын белсенді рөл

- Сіз және сіздің балаңыз осы күн тәртібінде серіктессіздер.
- Сіз күнделікті дағдылы тәртіпте (күйбең тірлікте) әрекеттердің шамамен 50%-ын, ал сіздің балаңыз – шамамен 50%-ын жасайды.

2-КЕСТЕ. КҮЙБЕҢНІҢ МЫСАЛДАРЫ

Құрастырушы бөлім	Ойын күйбеңі	Үй жұмысының күйбеңі
1. Іс-әрекетті құрайтын кішкентай (қарыс) нақты қадамдар.	Қораптардан үй салып, оған жануарларды орналастыру: 1-қадам. Үй салу; 2-қадам. Жануарларды қораптың ішіне орналастыру; 3-қадам. Құрылысты бұзу; 4-қадам. Құрылысты қайта бастау;	Азық-түлікті шығару, сөмкені жинастыру: 1-қадам. Сөмкелерді үйге алып келу; 2-қадам. Сөмкелерді ас үйге әкелу; 3-қадам. Азық-түліктерді сөмкеден шығару; 4-қадам. Сөмкелерді жинап қою;
2. Жаңа қадамдарды қайталау және қосу	Мысалдар: - Қосу/өзгерту 1-қадам: қораптардан тағы бір нәрсе жасау (автокөлік, камал және т.б.); - 1-қадамды қайталаңыз: дәл солай жасаңыз; - 2-қадамды қайталаңыз: жануарларды ғимараттың ішіне орналастырыңыз;	Мысалдар: - 1-4 қадамдарды қайталаңыз; - 2-қадамды өзгертіңіз: сөмкені еденге немесе орындыққа қойыңыз; - 5 қадамға қосыңыз: тағамды шкафқа немесе қоймаға қойыңыз;
3. Бала мен ересек адамға арналған айқын белсенді рөлдер	Бала да, ересек адам да кезектесіп қораптарды бір-біріне қойып, жануарларды ішіне орналастырады;	Бала да, ересек адам да сөмкені алып жүреді; әрқайсысы сөмкесін үстелге қояды; кезектесіп сөмкеден азық-түлікті шығарады;

15

Тапсырманың 1-бөлімі:

Топта күнделікті үй жұмыстарын күйбеңге айналдыру идеяларын талқылаңыз

Талқылау барысында ата-аналар күйбең ретінде қолдануға болатын күнделікті үй жұмысын тандап алуы керек.

Ата-аналарды екі топқа бөліңіз, әр топта бір маманнан болсын.

Сіздің мақсатыңыз топтық талқылау жүргізу:

- ата-аналар өз мақсаттары туралы ойлануы үшін;
- сіз олардың мақсатына жетуіне дайындалуға көмектесу үшін;

Күйбеңді түсіндіру	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Самира мен Эмильдің оқиғасында біз Самираның Эмильді қатыстыруға болатын екі қарапайым үй жұмысын қалай қолданғанын көрдік:</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>ыдыс жуу;</i> ○ <i>азық-түліктерді сөмкеден шығару;</i> • <i>Күнделікті дағдылы тәртіп (күйбең) жеке қадамдардан тұрады. Мысалға, азық-түліктерді сөмкеден шығару үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>пакеттен бір азық-түлікті алу;</i> ○ <i>оның атын атау;</i> ○ <i>азық-түлікті үстелге қою;</i>
---------------------------	--

	<p><i>Ыдыс жуу үшін мына қадамдарды жасау қажет:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>шыныаяқты суға салу;</i> ○ <i>оны тазалау;</i> ○ <i>шайып жуу;</i> ○ <i>кептіру жаймасына (лотокқа) салу;</i> <p><i>• Екі жағдайда да Самира мен Эмиль кезектесіп істейді. Эмиль сөмкеден затты шығарады немесе тәрелкені суға салады, содан кейін Самира да солай істейді. Екеуі де үйреншікті әдеттегі әрекетті бірдей жасайды. Бұл – күйбеңнің мысалы. Мұны қалай жасау қажет екенін кейінірек сөйлесеміз.</i></p>
	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Самираның мақсаты – Эмильді үй жұмысын орындауға мәжбүрлеу емес. Оның мақсаты – Эмильге күнделікті іс-әрекеттерге қатысуына көмектесу. Ол баласымен қарым-қатынас жасаудың мүмкіндігі ретінде бәрібір өзі істейтін үй жұмысын пайдаланды.</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Кейде күндіз балаңызбен ойнауға уақытыңыз болмайды, бірақ оның сізбен байланысын жақсартуға көмектесу үшін сіз оны күнделікті үй жұмысына қатыстыра аласыз;</i> ○ <i>Келесі екі сабақта біз екінші мақсатымыз – күнделікті үйреншікті әдетті (күйбең) орындау уақытында Эмильге қарым-қатынас жасауды үйренуге қалай көмектесу туралы сөйлесеміз;</i> ○ <i>Сіз осы әрекеттің белсенді серіктесі екеніңізді ұмытпаңыз – сіз бәрін бірге жасайсыз! Мақсат – балаңызға тәуелсіз дағдыларды үйрету емес, бірлескен іс-әрекетті орындау (мысалы, сіз балаңызды барлық ыдыстарды дұрыс жуады деп ойламайсыз!);</i> ○ <i>Кейінгі сабақта біз балаңызға оған жасына сәйкес келетін күнделікті өмірлік жаңа дағдыларды қалай үйретуге болатындығы туралы айтатын боламыз (мысалы, қолын жуу, киіну және т.б.);</i>

<p style="text-align: center; font-size: 2em;">?</p> <p>Қалай сұрауға болатынын ойланыңыз</p>	<p><i>Енді үйде балаңызбен не істеуге болатындығы туралы сөйлесейік. Сіз үйде істеуге болатын көптеген әрекеттерді байқап көрсеңіз болады. Кейбіреулері қарапайым, ал кейбіреулері күрделі, қиындау.</i></p> <p><i>Сіз не байқап көре аласыз?</i></p> <p><i>Сіз үй іс-шараларынан күйбеңді қалай жасай аласыз?</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Ыдыс жуу?</i> ○ <i>Тамақтану кезінде?</i> ○ <i>Тамақты немесе киімді сұрыптау?</i> ○ <i>Өсімдіктерді сугару, көгалдандыру?</i> ○ <i>Үйді тазалау?</i>
	<ul style="list-style-type: none"> ○ Кейбір ата-аналар бұрын балалармен үй жұмыстарын істеп көруге әрекет жасамаған болуы мүмкін; ○ Балаға қызықты үй жұмыстарына арналған идеялар бойынша «миға шабуыл» әдісін жасаңыз; ○ Ата-аналардың сұрақтарға жауап беруіне көмектесу үшін төмендегі кестені пайдаланыңыз; ○ Тақтаға барлық идеаларды ЖАЗЫҢЫЗ және толықтырыңыз;
<p>Айтыңыз:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Ойын кезіндегі жағдай сияқты, бірнеше қадамнан тұратын, оларды көп рет қайталап, әр күн сайын қолдана отырып, сіз күнделікті әрекеттен бастауыңызға болады. Содан кейін, балаңыздың күнделікті дағдылы тәртіпті (күйбеңді) игеруіне қарай жаңа дағдыларды қосуыңызға болады.</i>

Бәрі ойындағысын айтып болғаннан кейін	
Түсіндіріңіз:	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Сіз балаңызға күнделікті іс-әрекеттегі және ойнаудағы жаңа қадамдарды көрсете аласыз. Келесі күйбең тірлікті таңдағанда есіңізде болсын:</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Сіздің басты мақсатыңыз – баланы күнделікті бірлескен іс-әрекетке қатыстыру;</i> ○ <i>Біздің мысалдарымызда біз әр қадамды бірнеше рет қайталауға болатындығын көрдік, бұл сіз және балаңыз арасында «өзара алмасуды» тудырады;</i> ○ <i>Балаға қиын болатын әрекеттерде сіз бірнеше қадамдарды алып тастап, әрекетті қарапайым ете аласыз. Есіңізде болсын, дәл қазіргі біздің басты мақсат – жай ғана бірге қатысуда біраз уақыт бөлу. Егер жаттығу бала бірнеше секунд ғана қатыса алатындай қиын болса, онда бала ұзағырақ қатыса алатын онша күрделі емес әрекетті байқап көріңіз;</i>

3-КЕСТЕ. КҮНДЕЛІКТІ ОЙЫНДАР МЕН ҮЙ ЖҰМЫСЫНЫҢ ДАҒДЫЛЫ ТӘРТІБІН (КҮЙБЕҢ) ЖАСАУ ҮШІН ИДЕЯЛАР

Үй жұмысының күнделікті дағдылы тәртібі (күйбең)	Күрделірек күнделікті дағдылы тәртіптерді (күйбеңді) құруға арналған идеялар		
	1-2 қадам	3-5 қадам	6-9 қадам
Ыдыс жуу	1-қадам. Үстелден ыдыс-аяқ жинау; 2-қадам. Ыдыс-аяқты ыдысжуғышқа салу;	Қосу 3-қадам. Ыдыс жуу; 4-қадам. Ыдыстарды торға немесе сүлгіге қою; 5-қадам. Ыдыстарды құрғату;	Қосу 6-қадам. Ыдыс-аяқтарды шкафқа апару; 7-қадам. Шыныаяқтарды орналастыру; 8-қадам. Табақтарды орналастыру;
Тамақтану	1-қадам. Шыныаяқтарға су құю; 2-қадам. Шыныаяқтарды үстелге қою;	1-қадам. Құмыраға су құю; 2-қадам. Шыныаяқтарды әкелу; 3-қадам. Шыныаяқтарға су құю; 4-қадам. Шыныаяқтарды үстелдің үстіне қою; 5-қадам. Тарелкаларды үстелге қою;	6-қадам. Асхана құралдарын табу; 7-қадам. Шанышқыларды үстелге қою;

Сатып алынған затты талдау	1-қадам. Сөмкені үстелге қою; 2-қадам. Сатып алған заттарды сөмкеден шығару;	Бала барлық азық-түліктерді үстелге қояды, содан кейін оларды бір ыдысқа, контейнерге салады;	Бала бір ыдысқа, контейнерге жемістер мен көкөністерді, екіншісіне күріш пен ұнды салады;
Бақшадағы өсімдіктерді суғару	1-қадам. Өсімдікті суғаруға көмектесу; 2-қадам. Су сепкішті орнату;	1-қадам. Су сепкішті толтыру; 2-қадам. Су сепкішті жүйекке (атызға) апару; 3-қадам. Өсімдікті суғаруға көмектесу; 4-қадам. Су сепкішті орнату;	1-қадам. Су құйғышты табу (екеуін алыңыз: балаға - 1, ересек адамға - 1); 2-қадам. Су құйғышты суға салу; 3-қадам. Су құйғышты сумен толтыру; 4-қадам. Су құйғышты жүйекке апару; 5-қадам. Өсімдіктерді суғаруға көмектесу; 6-қадам. Су құйғышпен бірге суға оралу; 7-қадам. Су құйғышты тағы да толтыру;
Үй тазалау	1-қадам. Себетке заттарды салу; 2-қадам. Себетті алып қою;	1-қадам. Кір заттарды және ойыншықтарды салатын себетті табу; 2-қадам. Киімді себетке салу; 3-қадам. Ойыншықтар мен кітаптарды екінші себетке салу; 4-қадам. Кір киімді жууға апару;	Өңірлік талаптарға сәйкес кір жуу этаптарына байланысты;

Тапсырманың 2-бөлімі:

Топта талқылау – сіздің балаңыз қазір қалай ойнайды?

Айтыңыз:	<ul style="list-style-type: none"> • Ойын – бұл балалардың уақыт өте келе қалыптасатын дағдыларының жиынтығы; • Сіздің балаңыз қатыса алатын сәтті ойын күйбеңін жасау үшін сіз мынаны түсінуіңіз керек: <ul style="list-style-type: none"> - бала ойынның қай деңгейінде? - оның деңгейінде ойыншықтар мен ойындарды қалай пайдалануға болады? <p>Ата-аналарға арналған буклеттің 9-11 беттерін қараңыз. Сіз ойынның әртүрлі деңгейлерін көресіз.</p>
-----------------	---



Түсіндіріңіз:	<p>1. Адамдармен ойындар: мысалы, қол шапалақтау, ән айту, тербелу, қуып жету, жасырыну т.б;</p> <p>2. Қарапайым ойындар: мысалы, допты домалату; ойыншықты жерде итерісіп ойнау, заттарды сілкіп немесе қолдан түсіріп алып ойнау;</p> <p>3. Құрастыратын ойындар: мысалы, заттарды қорапқа салу; шыныаяқтарды бірінің үстіне бірін қою;</p> <p>4. Қарапайым рөлдік ойындар: мысалы, ойыншық жануарлармен ойнау, олардың бәрін бірге фермада жинау; сусындарды шыныаяқтарға құйып жатқан сияқты көріну;</p> <p>5. Күрделі рөлдік ойындар: мысалы, өзіңізді отбасы үшін тамақ дайындап жатқан ана ретінде таныстырыңыз; қуыршақтар мен жануарлар тірі, жүреді, сөйлеседі, тамақтанады, ұйықтайды деп жалған елестетіңіз;</p> <p>Ата-аналарға арналған буклеттің келесі бетінде осы түрлі деңгейдегі ойын мысалдарының көбірек иллюстрациясын табасыз;</p> <p>Ойнай отырып, тым оңай емес және тым қиын емес әрекеттерді таңдаңыз.</p> <p>Әрекет тым күрделі болған кезде:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Бала қатыса алмайды (мысалы, Эмильдің бауырлары қуыршақтармен күрделі ойын ойнады. Эмильге кубиктерді қалауыңғайлы); – Балаға ойында қатысушы болып қалу өте қиын; <p>Әрекет тым жеңіл болған кезде:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Баланы зеріктіруі мүмкін; – Бала жаңа дағдыларды игермеуі мүмкін; <p>• Балаңыздың ойын деңгейіне сәйкес келетін ойын немесе ойыншық түрін табыңыз! (12-бет)</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ Әр түрлі ойын түрлері немесе ойыншықтар үшін деңгей әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, кейбір балалар заттармен жақсы ойнайды, бірақ қуыршақтармен не істеу қажетін білмейді; • Балаңызға ұнайтын немесе қазірдің өзінде істеп жатқан іс-әрекетке ұқсас ойын тәртібін таңдаңыз. <ul style="list-style-type: none"> ○ Мысалы, дәл солай ойнаңыз, бірақ жаңа материалдармен (кубикті таяқпен соғыңыз; шыныаяқты таяқпен соғыңыз); ○ Немесе сол материалдармен ойнаңыз, бірақ жаңа тәсілмен, онша қиын емес (қораптан заттарды алыңыз; заттарды қорапқа салыңыз);
----------------------	---

Балаңызға сәйкес келетін ойындарға арналған идеяларды табу үшін буклеттегі суреттерді қараңыз: оңай немесе күрделі.

Түсіндіруді жалғастырыңыз:

- **Керекті деңгейіңізді іздеңіз!**
 - Егер ойын күйбеңі өте қарапайым болып көрінсе, оны қиындатуға тырысыңыз;
 - Егер ойын күйбеңі сіз үшін тым күрделі болып көрінсе, оны жеңілдетуге тырысыңыз;

Самира мен Эмильдің оқиғасында біз ойынның екі түрін көрдік:

- Құрастыратын ойындар (кубиктерді қалау - Эмиль);
- Қуыршақтармен күрделі рөлдік ойындар (Эмильдің ағалары мен қарындасары);

Бұл ойын әрекеттерінде қадамдар бар. Мысалы, кубиктерді қалау үшін мына әрекеттерді орындау керек:

- бір кубикті еденге немесе үстелге қою;
- басқа кубикті алу;
- оны бірінші кубиктің үстіне қою;
- барлық кубиктерді мұнара тұрғызғаниша қалауды жалғастыру;
- мұнараны сындыру;
- мұнараны қайта қалпына келтіру;

Қуыршақтармен ойнау күрделірек және көптеген қадамдардан тұрады:

- қуыршақ оянып, төсектен тұрады;
- қуыршақты қиялдаған ас үйге апарып, үстел жанындағы креслоға отырғызады;
- екінші қуыршақ (анасы) таңғы асты әкеледі;
- бала мен ана бірге тамақтанып сөйлесіп отырады;
- қуыршақ үстелден тұрып, мектеп сөмкесін алады;
- қуыршақ автобусқа отырып, мектепке барады;

Сонымен, 13-бетте біз екінші негізгі хабарламасын көреміз.


20

№2 негізгі хабарлама

БАЛАҢЫЗ ҚАЛАЙ ОЙНАҒАНДЫ ЖАҚСЫ КӨРЕТІНІН БІЛІП АЛЫҢЫЗ ДА, ЖАҢА ОЙЫН ӘДІСТЕРІН КӨРСЕТІҢІЗ

Ойын барысында балалар түрлі дағдыларды, оның ішінде қарым-қатынас жасау дағдыларын үйренеді.

Басында балаға түрлі ойыншықтармен және заттармен ойнап үйрену үшін сіздің көмегіңіз керек болуы мүмкін.



Балалар ойнай алатын заттар көп және бір затпен ойнау әдістері көп. Біреуі оңайырақ, басқасы күрделірек.

Балалар бірте-бірте күрделірек ойын әдістерін үйрене алады.

Сіз балаға жаңа ойын әдістерін көрсете аласыз:

- бір затпен немесе ойыншықпен;
- бір уақытта бірнеше затпен немесе ойыншықтармен;
- қуыршақтармен немесе жануарлардың мүсіндерімен;
- басқа адамдармен;
- кітаптармен немесе журналдармен;

Түсіндіріңіз:

- Балалар біртіндеп күрделі әдістермен ойнауды үйрене алады;
 - Сіз балаңызға ойынның жаңа әдістерін көрсете аласыз;
 - Келесі ойын идеясын таңдағанда мынаны есте сақтаңыз:
 - Ойынның бір деңгейі екіншісіне қарағанда «одан артық» емес. Балаңыздың деңгейіне сәйкес келетін деңгейді таңдап, келесі деңгейді жоспарлаңыз;
 - Егер сіз балаға өте күрделі немесе өте оңай деңгей таңдасаңыз, оған ойында қатысып қалуы, сізбен қарым-қатынас жасауы, сізді түсіну қиын болады;
- Адамдармен ойындар, кез келген жастағы және қабілеттегі балаларға жарайды - бұл қалыпты! Адамдармен ойындар - бұл сіз және балаңыздың арасындағы байланыс орнатудың, заттармен қарапайым ойындарды бастаудың тамаша тәсілі.
- Бір затты, мысалы кітапты, қарапайым ойында пайдалануға болады, ал сол кітаптың парақтарын аударып немесе кейіпкерлер ретінде көрсете отырып, кітапты күрделі рөлдік ойындарда да пайдалануға болады. Балаңыздың қалай өсіп, дамып келе жатқанына қарай, сіз ойындарды өзгерте аласыз.*

Қажет болған жағдайда, үйге бару туралы ақпаратты пайдаланыңыз.

?

Сіздің балаңыз қазір қалай ойнайды?

Балаңызбен ойнауға әрекет жасаған немесе бала басқалармен ойнаған кездегі тәжірибеңізбен бөлісіңіз.

Кәнеки, ата-аналарға арналған буклеттің 12-14 беттерін қарап, сіздің балаңыз қазір қандай деңгейде ойнайтынын біліп алайық.

Қалай сұрауды ойланыңыз	<p><i>Ойынның дағдылы тәртібін (күйбеңін) сіз қалай жасайтын едіңіз, идеяңызбен бөлісіңіз:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Адамдармен ойындар;</i> ○ <i>Көпіршіктер, әуе шарлары;</i> ○ <i>Ваннадағы немесе су құйылған кішкене шелектегі ойыншықтар;</i> ○ <i>Жеңіл және жүк көліктері;</i> ○ <i>Жұмбақтар және басқатырғыштар;</i> ○ <i>Кубиктер, қораптар, шыныаяқтар;</i> ○ <i>Қуыршақ, жануарлардың мүсіндері;</i> ○ <i>Кітаптар/журналдардар/суреттер;</i>
--------------------------------	--

- Ойын идеялары қарапайым немесе күрделі болуы мүмкін;
- Ата-аналарға баласының әртүрлі заттармен және адамдармен қалай ойнайтынын сипаттауға көмектесіңіз;
- Ата-аналарды әртүрлі ойындар туралы ойлауын ынталандырыңыз (мысалы, үй заттарымен немесе басқа заттармен, қуыршақтармен, басқа адамдармен және кітаптармен ойнау);
- Кейбір балалар әлі ойнамаған болуы мүмкін. Бұл жағдайда бір-біріне өз идеяларымен көмектесу үшін ата-аналар арасында ой қозғаныз;
- Ата-аналарға адамдармен ойындар – барлық балалар үшін жақсы нұсқа екенін, бірақ өзімен-өзі ойнау жеткіліксіз екенін ескертіңіз. Егер бала тек адамдармен ойнайтын ойындарда ғана ойнай алатын болса, үйренуіне көмектесу үшін қарапайым ойынды жоспарлау керек;
- Барлық идеяларды флипчартқа немесе тақтаға жазыңыз;
- Ата-аналардан баласының ойнау деңгейіне сәйкес келетін көрнекі құралдарды буклеттен белгілеуін өтініш жасауға болады;

4-КЕСТЕ. ҚИЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРІ ӘР ТҮРЛІ ОЙЫНДАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

Ойындарға арналған заттар	Бастау немесе үзіліс жасау үшін	Ойынға арналған идеялар			
		Қарапайым ойындар	Құрастыратын ойындар	Қарапайым рөлдік ойындар	Күрделі рөлдік ойындар
Басқа адамдар	«Ку-ку» іздеп ойнау; Қуып жету; Әндер;				
		Жалғыз әрекеттер (домалату, сілкіу, құлау, итеру); Себептері және салдары;	Қарапайым (қалау және құру; заттарды контейнерлерге орналастыру) Күрделі (заттардан бір нәрсені қалау);	Ойыншық жануарлар мен қуыршақтар мен жасалатын негізгі үйреншікті әрекеттер;	Көркем (образный); Кейіпкер болуға тырысу; Жануарлар-ды немесе қуыршақтар-ды тірі сияқты елестету;

Ваннадағы немесе су құйылған кішкене шелектегі ойыншықтар		Батырып алып шыныаяқта рға су құйыңыз; Кубиктерді бөліп алып, суға тастаңыз;	Ойыншықтарды ваннаға салыңыз;	Қуыршақты жуындырып, сабынды қолданып, құрғатып жатқаныңызды елестетіп көріңіз;	Қуыршақтың тірі екенін елестетіп көріңіз - қуыршақ жүзеді, қазына табады және т.б;
Автокөліктер мен тректер		Домалау, құлдырау, итеру, пандуспен төмен түсу;	Көліктерді бірінің үстіне бірін орналастырыңыз; оларды қораптарға салыңыз;	Адамдарды немесе жануарларды көліктерге отырғызып, бір жерге апарыңыз;	Көлікті жүргізетін қуыршақты немесе жануарды елестетіп көріңіз;
Басқатырғыштар (пазлы)		Қораптан басқатырғыштың бөліктерін шығарыңыз;	Басқатырғыштардың бөліктерін тақтаға, үстелге орналастырыңыз;	Басқатырғыштан адамдарды немесе жануарларды тамақтандыру; оларды үйге немесе көлікке салу;	Басқатырғыштағы адамдар немесе жануарлар тірі деп елестетіп көріңіз, олар жүгіреді, секіреді, тамақтанып, ұйықтай алады;
Кубиктер, қораптар, шыныаяқтар		Төбешіктен сырғанау, үлкен қораптан кішкене заттарды шығарып жайғастыру;	Заттарды шелекке салу; бірінің үстіне бірін қою; бірнәрсе қалау (машина, қамал және т.б.);	Жануарларды немесе адамдарды үйге орналастыру (немесе бір затты басқа заттың ішіне қою);	Кубиктер – бұл басқа нәрсе деп елестетіп көріңіз (тамақ, көліктер);
Қуыршақтар, ойыншық жануарлар		Төбеден төмен қарай сырғанау;	Қуыршақтарды қораптарға, контейнерлерге және т.б. орналастырыңыз;	Қуыршақтарды тамақтандыру; тамақ дайындау; фигураларды үйге орналастыру;	Қуыршақтар әртүрлі кейіпкерлердің орындайтын немесе айтатын рөлдерін ойнайды;

Кітаптар/ журналдар /суреттер		Беттерді аудару;	Кітаптарды бірінің үстіне бірін жинау; Кітаптан көрген нәрсені құрастыру (мысалы, кітаптан көріп қораптан үй тұрғызу);	Қуыршақтар немесе жануарлар кітаптағы кейіпкерлер сияқты әрекеттерді орындайды;	Кітаптағы кейіпкерлерді бейнелеу (оқиғаны ойнап көрсету);
-------------------------------------	--	---------------------	---	--	--

5-КЕСТЕ. ОЙЫНДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАРДЫ ЖОЮҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР

Мәселе	Мәселені шешуге арналған мүмкін кеңестер
Ата-анасы балаға не ұнайтыны және қалай ойнайтыны туралы айта алмайды.	<p>Төмендегілерді ойлаңыз және қамқоршыға ақпарат беріңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Балаға ұнаған ойыншықтар немесе заттар болды ма? • Үйге барғанда баланың ойын деңгейі туралы не білдіңіз (сізбен ойнағанда және ата-анамен ойнағанда)? • Ата-ана мен бала күнделікті дағдылы тәртіпке (күйбеңге) айналдыратындай ойын ойнады ма, ән айтты ма, әлде қандай да қарым-қатынас жасады ма? <p>«Үйге барғанда сіздің балаңызға не ұнайтыны есімде (заттың, ойыншықтың атын айтыңыз)»;</p> <p>«Сіздің балаңызға не ұнайтыны менің есімде (әннің аты, ойын, сіз жасаған қандай да бір әрекет...)»;</p> <p>«Үйге барған кезде көргендерімнен, мен ойлаймын, сіз байқап көруіңізге болатын еді деп...»;</p> <p>Сіз байқаған ойынға ұқсас бір немесе екі затпен немесе адамдармен ойынды ұсыныңыз (мысалы, бірдей әрекет, бірақ әртүрлі заттармен немесе жаңа әрекет сол заттармен);</p>
Бала заттарға қызығушылық танытпайды (ата-аналардың айтуы және үйге барғанда байқаған бойынша).	Балалардың заттармен ойнағанды ұнатпайтын жағдайлар болады. Бұл жағдайда адамдармен ойындар ойнаудан бастап көруге болады.
Ата-аналар баламен ойнау тым қиын дейді.	Бұл көзқарас қалыпты жағдай. Бүгін біз баламен қарапайым ойынды қалай бастау керек туралы айтамыз. Егер бала заттармен ойнауға қызығушылық білдірмесе, басқа адамдардың қатысуымен ойындар ойнауды бастаңыз. Есіңізде болсын, егер біз балаға деңгейі жағынан сәйкес келетін ойындар мен ойыншықтарды таңдап алсақ, онда оған ұсынылған ойынға қатысу оңайырақ болады. Егер ойынның осы кезеңінде бұл өте қиын болса, онда біз тамақтану кезінде немесе басқа да балаға мотивация беретін іс-әрекеттер кезінде баламен қарым-қатынас жасау тәсілдерін ойластыра аламыз.
Ата-аналар өздерінің баламен ойнағысы келмейтінін немесе	Баламен қарым-қатынас жасаудың басқа әдістері бар, мысалы, тамақтану немесе басқа да балаға мотивация беретін әрекеттер. Бәлкім, сізге осыдан бастау керек шығар. Ойын - бала үшін бұл маңызды дағды екенін ұмытпаңыз. Ойын арқылы балалар

ойынды дамудың маңызды факторы деп санамайтынын айтады.	көптеген басқа дағдыларды, соның ішінде қарым-қатынас жасау дағдыларын үйренеді. Бүгін біз баламен қарапайым ойынды қалай бастау керек жөнінде айтамыз.
Ата-аналар баласының әрдайым сол немесе басқа бір белгілі ойыншықпен ғана ойнайтынын, егер оған басқа ойын ұсынса, мазасызданатынын айтады.	Кейде дамуында ерекшелігі бар балалар бір ғана немесе басқа да үнемі бірдей заттармен ойнайды, сол әрекетті қайталай отырып, сол ойын мен сол ойыншыққа қатып қалады. Бүгін біз балаға ойын түрлерін дұрыс көрсетудің (өз қимылыңызды дауыстап айта отырып) бірнеше жаңа әдістерін қарастырамыз. Балаңызға жаңа ойын әдістеріне бейімделу үшін уақыт пен тәжірибе қажет.
Ата-аналар баласының басқа балалармен ойнағанын қалайтынын айтады.	Бұл көптеген отбасылар үшін маңызды мақсат. Осы бағдарлама аясында біз сіздің балаңызға ойыншықтармен және сіздің қатысуыңызбен ойындардың жаңа түрлерін үйренуіне көмектесу үшін жұмыс істейтін боламыз. Сіздің балаңыз сізбен қарым-қатынас жасауды үйренсе, келесі қадам – басқа балалармен ойнау болады.

ҮЗІЛІС (15 минут)

5. ДЕМОНСТРАЦИЯ: ЖАНМЕН ОЙЫНДЫ КӨРСЕТУ. БАЛАНЫҢ ОЙЫНҒА ҚАТЫСУЫНА КӨМЕКТЕСЕМІЗ (20 минут).

Демонстрация үшін материалдар:

- 1) бірінің үстіне бірін қою үшін 12 шыныаяқ (кубиктер немесе қораптар немесе стаканدار);
- 2) 2 түрлі ойыншықтар (мысалы, доп және кітап);
- 3) 1 көрпе, төсеніш немесе жайма;

Ата-аналар ойланып үлгерулері үшін, демонстрацияны баяу жүргізіңіз, көрнекі мысалдарды көрсетіңіз;

Түсіндіріңіз:	<i>Біз ойын тәртібін орнату бойынша кеңестерге тоқталамыз:</i>
	<ol style="list-style-type: none"> <i>а. Кеңістікті ұйымдастырыңыз (1 және 2-сабақ);</i> <i>б. ҚАРАҢЫЗ, ТЫҢДАНЫЗ – баланы не қызықтырды және оның таңдауын ұстаныңыз (1 және 2 сабақ);</i> <i>в. Ойынныңкүйбеңіне қосылыңыз: өз кезегінде, баланың не істеп жатқанына ЕЛІКТЕҢІЗ;</i> <i>г. КӨРСЕТІҢІЗ ЖӘНЕ АЙТЫҢЫЗ: ойын күйбеңінде жаңа қадамды МОДЕЛЬДЕҢІЗ;</i> <i>д. Баланың көбірек қатыстырылуына көмектесу үшін алдымен ойын күйбеңін қайтадан бастаңыз, ҚАЙТАЛАҢЫЗ;</i>
	<i>Мен ананың рөлін, ал екінші маман менің балам Жанның рөлін ойнаймыз;</i>
	<i>Біз баламен қарым-қатынас жасау, оны ойынға қатыстыру, оған жаңа дағдыларды үйрету және дамуына көмектесу үшін онымен қалай ойнау қажетін көрсеткіміз келеді;</i>
	<i>Жан – белсенді бала, көп қозғалғанды ұнатады. Ол бірнеше сөз біледі және бір буынды сөздерді айтады;</i>
Бала:	<i>Ол бөлмені аралап, заттарды зерттейді және оларды қолына алады, еденде және айналада жатқан заттарды алады, көтереді және қояды;</i>

	<i>Ол мұны үнемі ересек адам келгенге дейін жасайды;</i>
Ата-аналарға түсіндіріңіз:	<i>Алдымен мен қоршаған кеңістікті ұйымдастыруым керек: 1. Мен баланың дәл алдында отыруға болатын шектеулі орынды таңдаймын; 2. Шашылған заттарды жинастырып, алаңдататын факторларды алып тастаймын; 3. Материалдарды дайындаймын; 4. Материалдарды менің және Жанның арасына жайғастырамын;</i>
Ересек адам:	<i>Балаңыздың ойын деңгейіне сәйкес келетін 2-3 затты, соның ішінде шыныаяқтарды алып келіңіз;</i>
Ата-аналарға түсіндіру:	<i>Менің балам «құрастыратын ойындар» деңгейінде. Бірінің үстіне бірін қоюға болатын заттардың 3 түрін дайындадым: бұл жерде жиналған кубиктер, шыныаяқтар және қораптар; Мен ойнау үшін еденге көрпе немесе төсеніш төсеймін. Егер балаға отыратын басқа орын қажет болса, мен үстел мен орындықты пайдалана аламын. Енді мен Жанды шақырамын;</i>
Ересек адам:	<i>Жанға барып, оның назарын аударып: «Жан, ойнайтын уақыт келді!» деп айтып және көрпені көрсетіңіз;</i>
Бала:	<i>Көрпеге тез барыңыз. Шыныаяқтар, кубиктер мен қораптардың қатарына қарай бастаңыз;</i>
Ересек адам:	<i>Көрпеге жақындаңыз, балаға және ата-аналарға жартылай бұрылып отырыңыз;</i>
Бала:	<i>Жиюлы қатардың жоғарғы жағынан шыныаяқты алыңыз да, оған қараңыз;</i>
Ата-аналарға түсіндіріңіз:	<i>алдымен баламды не қызықтырғанын байқау үшін ҚАРАЙМЫН және ТЫҢДАЙМЫН, және оның таңдауын ұстанамын;</i>
Ересек адам:	<i>Балаңызға қуанышты үнмен айтыңыз: «Шыныаяқ!»</i>
Бала:	<i>Шыныаяққа бірнеше секунд қарап, оны қойыңыз; Бдыс жиюлы қатардың жоғарғы жағынан тағы бір шыныаяқты алыңыз;</i>
Ата-аналарға түсіндіріңіз:	<i>енді мен ойынға белсенді қатысамын, Жанның іс-әрекетіне ЕЛІКТЕЙМІН (яғни, еліктеу және қайталау (копирование));</i>
Ересек адам:	<i>«Алып тастаймын!» деп және ЕЛІКТЕҢІЗ: қатардан шыныаяқты алыңыз;</i>
Бала:	<i>Қатардан тағы бір шыныаяқ алыңыз; Ересек адамға қараңыз;</i>
Ересек адам:	<i>ЕЛІКТЕҢІЗ: сөреден шыныаяқты алыңыз және айтыңыз, «Алып тастаймын!»;</i>
Бала:	<i>Қатардан тағы бір шыныаяқ алыңыз; Ересек адамға қараңыз;</i>
Ересек адам:	<i>ЕЛІКТЕҢІЗ: қатардан шыныаяқты алыңыз және айтыңыз, «Алып тастаймын!»;</i>
Бала:	<i>Шыныаяқтарға қараңыз. Ересек адамға қараңыз. Шыныаяқтарға қараңыз;</i>
Ересек адам:	<i>Балаға қараңыз; Пауза: ойша 1-2 секунд санаңыз;</i>
Ата-аналарға түсіндіріңіз:	<i>егер мен қайталаған, еліктеген әрекеттерімнен бала ештеңе жасай алмаса, онда мен балаға жаңа қадам ұсыну үшін КӨРСЕТІП, АЙТЫП, яғни МОДЕЛЬДЕЙМІН.</i>
Ересек адам:	<i>Екі шыныаяқ алыңыз, оларды бірінің ішіне бірін салып, көңілді қуанышты</i>

	үнмен «қатар!» деп айтыңыз; Балаға келесі шыныаяқты беріңіз.
Бала:	Шыныаяқты қатарға қосып, ересек адамға қараңыз.
Ересек адам:	ЕЛІКТЕУ: Тағы да бір шыныаяқты қатарға қосыңыз да, «қатар!» деп айтыңыз; Балаға келесі шыныаяқты беріңіз;
Бала:	Шыныаяқты қатарға қосып, ересек адамға қараңыз;
Ересек адам:	ЕЛІКТЕУ: Тағы да бір шыныаяқты қатарға қосыңыз «қатар!» деп айтыңыз; Шыныаяқты баланың алдына қойыңыз;
Бала:	Шыныаяқты қатарға қосып, ересек адамға қараңыз.
Ересек адам:	«Біз құрылыс жасаймыз!» («Біз салып жатырмыз!»)
	БАРЛЫҚ ШЫНЫАЯҚТАР ОРНАТЫЛҒАНША БІРГЕ ЖАЛҒАСТЫРА БЕРЕДІ;
Ересек адам:	Балаға қараңыз; Пауза: ойша 1-2 секунд санаңыз;
Бала:	Шыныаяқтар жаққа қарайды, сосын орнынан тұрғысы келіп қисаңдап теңселе бастайды;
Ата-аналарға түсіндіріңіз: енді мен баламен бірлескен іс-әрекет жасап көп уақытты бірге өткізу үшін ойынды басынан ҚАЙТА бастаймын. Қайтадан - КӨРСЕТУ және АЙТУ;	
Ересек адам:	«Алып тастаймын!» және қатардан шыныаяқты алып тастаймыз;
Бала:	Шыныаяқты қатардан алыңыз Тебіренген дауыспен «Алып тастаймын!»;
Ересек:	ЕЛІКТЕУ: Шыныаяқты қатардан алыңыз және айтыңыз: «Ура! Мен алып жатырмын!»;

27

ТАЛҚЫЛАУ



Түсіндіріңіз:	<ul style="list-style-type: none"> • Күйбеңді жасау балаға әрі қарай не істеу қажетін түсінуге көмектеседі; • БАРЛЫҚ балалар жүйелі қадамдар жасаған кезде жаңа нәрселерді үйренеді; • Күйбең іс-шаралар балаға коммуникативті дағдыларды үнемі қолдануға мүмкіндік береді;
?	<p>1. Бұл демонстрацияда бала мен ересек адам шыныаяқтарды бірінің үстіне бірін қойып ойын ұйымдастырды. Бұл қандай деңгейдегі ойын?</p> <p>Дұрыс жауап: Құрастыратын ойындар;</p>
?	<p>2. Ересек адам қандай сәттерде балаға ЕЛІКТЕДІ?</p> <p>Бала бірінші болып бір нәрсе жасаған кезде (шыныаяқты қойғанда немесе оны алғанда), ересек адам оның әрекетін қайталады;</p>

?	3. <i>Ересек адам қандай сәттерде «көрсетіңіз» және «айтыңыз» деген сөздерді қолданды?</i>	<p>а. Пауза, үзілістен кейін бала бірінші болып әрекет жасады ма, соны көру үшін және бала әрекет етпегенін көргенде;</p> <p>б. Баланың қызығушылығы жоғала бастағанын көргенде (тербеле бастағанда, айналаға қарайлағанда);</p> <p>в. Бала қызығушылығын жоғалтқанға ДЕЙІН;</p> <p>г. Ойынды қайта бастау үшін;</p>
?	4. <i>Ойынның күйбеңі баланы жалықтыруы мүмкін. Егер біз күн сайын бір нәрсені қайта-қайта жасасақ, ол қызығушылықты жоғалтуы мүмкін. Күйбең жалғасу үшін шыныаяқтармен тағы не істеуге болады?</i>	<ul style="list-style-type: none"> • «Көрсетіңіз және айтыңыз» дегенді қолдану: балаға шыныаяқпен ойнаудың жаңа әдісін көрсету; • Басқа мүмкін әрекеттер: <ul style="list-style-type: none"> – Шыныаяқтарды бір-біріне салу; – Шыныаяқтардың, қораптардың, контейнерлердің және тағы басқа қатарға қосуға болатын материалдар түрлерін қосыңыз; – Құрастырған кезде жаңа нәрсе жасаңыз. Бұл мысалда, олар шыныаяқтарды бір-біріне салып жатыр (мұнара құрып жатыр); – Сіз шыныаяқтарды тағы қандай әдістермен қоя аласыз? – Шыныаяқты жаңартылған күнделікті тәртіпте ҚОЛДАНЫҢЫЗ (мысалы, су ішу үшін);

Айтыңыз:	<i>Буклеттің 14-16 беттеріндегі ұсынымдарды қараңыз;</i>
-----------------	--

Ұсыныс №1

ОЙЫНҒА ҚОСЫЛУ ҮШІН БАЛАНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ЕЛІКТЕҢІЗ

Баланың не істеп жатқанын ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ. Балаңыз істегенді істеп, ойынға қосылыңыз.



1



2



3



4

Еліктегенде сіз балаңыздың ойынға қатысты идеяларын қолпаштайсыз. Есіңізде болсын! Қайта көргіңіз келетін ДҰРЫС ӘРЕКЕТТЕРГЕ ғана еліктеңіз. Қиқар мінез-құлыққа (мысалы, лақтыруды) немесе сіз бен бала арасындағы өзара әрекетсіз қайталана беретін мінез-құлыққа (мысалы, заттарды бір қатарға қою, заттарға ұзақ қарау) еліктемеңіз;

Дағдылы ойын тәртібінде қадамдарды кезекпен жасау үшін сіз балаға жаңа қадамды көрсетіп жатқанда баланың көңілі түспеуі үшін заттар жұбымен болғаны жөн (біреуі балаға, біреуі сізге, мысалы, 2 көлік, 2 қуыршақ);

29

Ұсыныс №2

ОЙНАУ МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ ҮШІН ЖАҢА ҚАДАМДАРДЫҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТІҢІЗ

КӨРСЕТІҢІЗ және АЙТЫҢЫЗ, жаңа қадам қосыңыз, оны көрсетіп жатқанда атауын атаңыз.

Сізге ойын үлгісін жасау керек болғанда:

- Сіз еліктей алмағанда (мысалы, бала ештеңе істемейді немесе дұрыс емес әрекеттер жасайды);
- Бала әрі қарай не істеу керек екенін білмегенде;
- Бала бір әрекетті қайта-қайта жасап, «тұқырып» қалғанда;
- Бала қызығушылығын жоғалтқанда және сізге оны қайтадан ойынға қатыстыру керек болғанда;



Ойынға жаңа қадамдар қоса отырып, сіз оның ұзақтығын арттырасыз және балаға бірлескен іске ұзағырақ қатысуға мүмкіндік бересіз. Көп балаларға ойыншықтар пайдаланылатын ойындарды меңгеруде көмек керек.

Ұсыныс №3

БАЛА БІРЛЕСКЕН ІСКЕ ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСА БЕРУІ ҮШІН ОЙЫНДЫ БАСЫНАН БАСТАП ҚАЙТАЛАЙ БЕРҢІЗ

- Бірінші қадамыңыз қандай болды? Барлық қадамдарды жасағаннан кейін бірінші қадамнан қайта бастаңыз;
- Ойынды тез қайтадан бастаңыз, бәрін көңілді және қызықты етуге тырысыңыз;



- Қайталау ойынды ұзағырақ, оңайырақ және көңілдірек етеді;
- Қайталау – жақсы іс! Балалар ойынды қайталау кезінде үйренеді;
- Балаңыздан бұрын сіз жалығып кетуіңіз әбден мүмкін;

Айтыңыз: Ата-аналарға арналған буклеттегі (№ 2 ұсыныс) (16-бетінде) суретте ойынды басынан бастап қайталап жатқан ананың бейнесі көрсетілген. Барлық тастар қораптан шығарылған және ол тастарды қайтадан қорапқа салу арқылы ойынды тез қайталайды;

**6. ЖАТТЫҒУ:
ҮЙ ПРАКТИКАСЫН ЖОСПАРЛАЙМЫЗ. ОЙЫН ЖӘНЕ ҮЙ
ЖҰМЫСТАРЫ. ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС (25 минут)**

Жадынаманы таратыңыз.

Естеріне салыңыз, Жадынамада (3-сабақ) ата-аналарлар бүгін зерделеген барлық негізгі хабарламалар мен ұсынымдар топтастырылған.

Ата-аналарға және отбасы мүшелеріне жадынаманы үйде пайдаланған ыңғайлы болады.

Жұптық жұмыс практикасын түсіндіріңіз

Енді біз бүгінгі сабақтың дағдыларын бекітуге және үй практикасына дайындалуға жаттығамыз. Сіздер осы ұсыныстарды үйде қалай қолданатыныңызды өзара талқылап және көрсетуіңіз керек. Біз екі топқа бөлінеміз. Әр ата-ана өз тобынан серіктес таңдауы керек. Әр жұп талқылайды және жоспарлайды:

- а. үйде қолданып жаттығатын күнделікті ойындар мен үй жұмыстары (мысалы: ойнау, қол жуу, тамақтану және т.б.);*
- б. сіз қандай заттарды, ойыншықтарды қолданасыз?*
- в. қазір қалай ойнайтынына қарай сіздің балаңыздың ойын деңгейі; сіз буклеттен тиісті ойын деңгейін таба аласыз;*
- г. ойынға қосылу үшін баланың іс-әрекетіне қалай еліктейсіз; қайта көргіңіз келетін дұрыс әрекеттерді еліктеуді ұмытпаңыз; шамданған әрекетті (лақтыру) немесе сіздің балаңызбен өзара әрекет болмағандағы қайталанатын мінез-құлыққа еліктемеңіз (заттарды бір қатарға тізіп орналастыру, заттарға ұзақ қадала қарап отыру);*
- д. КӨРСЕТІҢІЗ және АЙТЫҢЫЗ деп ойынды модельдеу арқылы сіз балаңызға қандай жаңа қадамды үйрететін боласыз;*
- е. Бала ойынға ұзақ уақыт қатысуы үшін ойынды басынан қалай бастайсыз?*

Мамандар келіп сіздермен бірге жаттығулар жасайды.

Сондай-ақ, ұмытпаңыз:

- а) Сіз кеңістікті қалай дайындайсыз?*
 - сіз бірлескен іс-әрекеттерді қайда өткізесіз?*
 - ол жерде сіз алып тастауды қажет ететін қандай алаңдататын факторлар бар?*
 - алып тасталынды ма?*
 - ойынның басында сіз балаға таңдау үшін қандай 2-3 затты ұсынасыз (мысалы, әр түрлі іс-әрекеттер немесе бір іс-әрекетке арналған әртүрлі заттар);*
- б) баланың қызығушылығы мен таңдауын бақылап қарау және тыңдау;*
- в) баланы мақтау үшін оның дағдылары мен мінез-құлқын байқау;*
- г) ойынның КӨҢІЛДІ, ПОЗИТИВТІ және МАҚТАУҒА ТОЛЫ болуына тырысу;*

<p>Осы жаттығуды орындау кезіндегі сіздің әрекетіңіз</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Жұптар талқылап жатқанда, әр жұпты аралап шығыңыз, әрбір қатысушы ата-ана ретінде, ал сіз олардың балалары ретінде жаттығатындай болуы керек; • Ата-аналар ойын кезінде өз баласымен орындайтын ойынды немесе үй жұмысын демонстрация жасауы керек: <ul style="list-style-type: none"> ○ Олар күйбеңге қалай қосылады – баланың іс-әрекетіне қалай еліктейді; ○ Олар қалай жаңа қадамды – модельдеуді үйрете алады; ○ Қадамдарды қайталауды – басынан қалай бастайды; • Әр ата-анаға конструктивті кері байланыс жасаңыз; • Пікірталасты қолдап, сұрақтарға жауап беріңіз; • Әрекеттерді ауыстырудан бұрын 1 минут бұрын ескертіңіз. Мысалы, «біз талқылауды бастауға дайынбыз» (немесе «рөлдерді ауыстыруға дайынбыз»), қайсыңызда тағы түсініктемелер (комментарии) бар;
---	--

<p>Үй практикасын түсіндіріңіз</p>	<p><i>Жұмыс дәптерінде 10-бетін ашыңыз.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Келесі сабаққа дейін жаттығу үшін әр ата-ана 2 күнделікті әрекетті таңдайды: біреуі үй жұмысы, екіншісі ойын;</i> • <i>Балаға мотивация беретін және жиі болып тұратын әрекеттер түрін таңдаңыз;</i> • <i>Сабақты күйбеңге айналдыруға әрекет жасаңыз:</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Оларды қадамдарға бөліңіз;</i> ○ <i>Ересектер де, балалар да белсенді рөл атқарады;</i> ○ <i>Қайта бастаңыз және қадамдарды қайталаңыз;</i> • <i>Әр іс-әрекет кезінде кем дегенде 5 минут балаңызбен бірге өткізуді жоспарлаңыз;</i> • <i>Осы іс-әрекеттерді күн сайын қолдануға тырысыңыз;</i> • <i>Осы сабақтың ұсыныстарын қолданып жаттығуды ұмытпаңыз:</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Ойынға қосылу үшін ЕЛІКТЕҢІЗ;</i> ○ <i>Жаңа қадамдарды көрсету үшін МОДЕЛЬДЕҢІЗ;</i> ○ <i>Ұзақ өзара қатынаста болу үшін БАСЫНАН ҚАЙТАЛАҢЫЗ;</i>
<p>?</p>	<p><i>Бұл ұсыныстарды үйде қолдану кезінде сізде қандай қиындықтар болады деп ойлайсыз?</i></p> <p>Күтілетін жауаптар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • балалар заттарға «қадалып қалады»; • балалар өзара әрекеттесуге қатыспайды;

7. САБАҚҚА ШОЛУ (10 минут)

Ата-аналармен бірге НЕГІЗГІ ХАБАРЛАМАЛАРҒА және ҰСЫНЫСТАРҒА шолу жасауды қайталаңыз (5 минут)

<p>№1 негізгі хабарлама</p> <p>БАЛАҢЫЗҒА ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ ҮЙРЕНУГЕ ЖӘНЕ ДАМУҒА КӨМЕКТЕСУ ҮШІН ОҒАН КҮНДЕЛІКТІ ҮЙ ШАРУАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЙЫНДАРДЫҢ ҚАДАМ-ҚАДАМДЫҚ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІН (ДАҒДЫЛЫ ТӘРТІБІН/КҮЙБЕНДІ) ҰЙЫМДАСТЫРЫҢЫЗ</p>		<p>№2 негізгі хабарлама</p> <p>БАЛАҢЫЗ ҚАЛАЙ ОЙНАҒАНДЫ ЖАҚСЫ КӨРЕТІНІН БІЛІП АЛЫҢЫЗ ДА, ЖАҢА ОЙЫН ӘДІСТЕРІН КӨРСЕТІҢІЗ</p>
<p>Ұсыныс №1</p> <p>Ойынға қосылу үшін баланың әрекеттеріне ЕЛІКТЕҢІЗ;</p>	<p>Ұсыныс №1</p> <p>Ойнау мүмкіндіктерін кеңейту үшін жаңа қадамдардың модельдеу көрсетіңіз;</p>	<p>Ұсыныс №1</p> <p>Бала бірлескен іске қызыға қатыса беруі үшін ойынды басынан бастап ҚАЙТАЛАЙ БЕРІҢІЗ;</p>

**Үйренген дағдылар бойынша қорытынды жасау.
ДАҒДЫЛАРҒА ШОЛУ (5 минут)**

<p>?</p>	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Өзіңіздің отбасыңыз үшін қандай ұсыныстар ең маңызды деп есептейсіз?</i> • <i>Басқа да ойлар бар ма?</i> • <i>Сұрақтарыңыз бар ма?</i>
<p>Түсіндіріңіз:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Келесі сабақта сіз бөлісе аласыз:</i> <ul style="list-style-type: none"> - <i>сізде жағдай қалай болды және;</i> - <i>сізде кездескен кез келген қиындықтар туралы айту;</i> - <i>не білгеніңізді немесе байқағаныңызды бөлісу;</i> • <i>Үй практикасында сізде қиындықтар пайда болса, алаңдамаңыз;</i> • <i>Келесі сабақта біз сізге бірнеше ұсыныстар беру арқылы көмектесе аламыз;</i> • <i>Төртінші сабақта біз баламен қарым-қатынас туралы, балаларға сөз және ым-ишараттар арқылы қарым-қатынас жасауға қалай көмектесуге болатынын білетін боламыз. Сабақ _____ өтеді;</i> • <i>Егер сіз қандай да бір себептермен келесі сабаққа қатыса алмасаңыз, 5-ші сабаққа келіңіз;</i> • <i>Келмей қалған, өткізіп алған материалдарды меңгеруге көмектесу үшін 15 минут бұрын келуіңізді өтінеміз;</i> • <i>Өтініш, келесі сабақта сіз практикада қолдану үшін үйде қолданып жүрген біраз материалдарды алып келуге тырысыңыз;</i>